

## **Төлем енгізуге жоба бойынша кіріс алынғанға дейін мұрсат беру туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1996 жылғы 2 қыркүйек N 413-ө

"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелері негізінде табиғи тасты өндіру және өңдеу жөніндегі өндірісті ұйымдастыру" жобасын уақтылы әрі тиімді жүзеге асыру мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

кепілдеме бергені үшін кредит сомасының 2 проценті мөлшерінде біржолғы міндетті төлем енгізуіне жоба бойынша кіріс алынғанға дейін, бірақ 1997 жылдың 1 наурызынан кешіктірмеуге мұрсат берсін;

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесінің Бас басқармасымен кепілдеме беру үшін біржолғы төлем енгізуге Келісім жасауды қамтамасыз етсін.

2. Осы өкімнің орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министр